

Орман қоры жерінің жекелеген учаскесін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 желтоқсандағы N 2092 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау селекциялық орман орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - кәсіпорын) орман қоры жерінен алаңы 5,9 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсатындағы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Щучинск-Бурабай курорттық аймағының туристік ойын-сауық орталығына кіреберіс" автомобиль жолын салу үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің Ақмола облыстық департаменті" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) беруді қамтамасыз етсін.

3. Мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 2

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 2 0 9 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Орман қоры жерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер санатына ауыстырылатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы

**комитетінің "Көкшетау селекциялық орман орталығы"
 республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жерінің
 экспликациясы**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	Оның ішінде:					
		орман көмкерген	егіс тік	жайылым	шабындықтар	құмдар	өзге жерлер
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау селекциялық орман орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	5,9	5,9	-	-	-	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ